

## **Арнайы экономикалық аймақтардың түсінігі, оларды құрудың мақсаттары**

Арнайы экономикалық аймақтар республика экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне енуін жандандыру, жаңа технологиялардың бір немесе бірнеше сапаларын дамыту, жоғары тиімді өндірістер құру, өнімдердің жаңа түрлерін шығаруды игеру, инвестициялар тарту, нарықтық қатынастардың құқықтық нормаларын пысықтау, басқару мен шаруашылық жүргізудің осы заманғы әдістерін енгізу, сондай-ақ әлеуметтік проблемаларды шешу үшін аймақтарды жеделдете дамыту мақсатында құрылады.

### **Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру мақсаттары**

1. Арнайы экономикалық аймақ өнімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті заманауи өндірістерді жедел дамыту, қызметтерді ұсынудың сапалық тұрғыдан жаңа деңгейін қалыптастыру, экономика салаларына және өңірлерге инвестициялар тарту, жаңа технологиялар ендіру, сондай-ақ халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру мақсатында құрылады.

2. Шектері Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасының учаскелерімен толық немесе ішінара тұспа-тұс келетін арнайы экономикалық аймақ шекара маңындағы сауданы және шектес жатқан шекара маңы аумақтарының экономикасын дамыту, көліктік инфрақұрылымды, туризмді және Қазақстан Республикасының шекара маңы аумақтарының мәдени өзара іс-қимылын дамыту мақсатында да құрылады.

3. Индустриялық аймақ өңірлерде кәсіпкерлікті дамытуды инфрақұрылымдық қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Арнайы экономикалық аумақтардың дамуы өткен жүзжылдықтың 70 жылдарынан басталады, көптеген елдерде шаруашылық жүргізудің жеңілдетілген жүйесі арқылы экономикалық өсу байқала бастады.

Арнайы экономикалық аймақтардың *құрылу мақсаты*: Инвестиция тартуға жағымды жағдайларды қалыптастыру; Аудандарды дамытуды жеделдету; Нарықтық инфрақұрылым мен кәсіпкерлікті дамыту жағдайларын қалыптастыру; өндіріс пен сауда, қазіргі жетілген технологияларды, әлемдік озық тәжірибелерді пайдалану.

Арнайы экономикалық аймақ – капиталды инвестициялау және экономиканы дамыту үшін жағдай туғызатын шетел және отандық кәсіпкерлерге ерекше экономикалық жеңілдіктері бар ұлттық-мемлекеттік шектелген аумақ

бөлігі. Арнайы экономикалық аймақтар ішкі сауда, жалпы экономикалық, әлеуметтік және ғылыми-техникалық мәселелерді шешу үшін құрылады. Елде қолайлы инвестициялық климат жасалған, инвестицияларды тарту бойынша Ұлттық жоспар қабылданған, жеңілдетілген салық режимі әрекет етуде. Ел Дүниежүзілік Банкінің «Doing Business 2014» жаңартылған рейтингінде 50-ші орында тұр. «Инвесторды қорғау» индикаторы бойынша Бәсекеге қабілеттіліктің жаһанды индексында екі жыл қатарынан әлемдегі 185 елдің ішінен 10-шы орынға ие болды.

Қазіргі уақытта Қазақстан экономикаға шетел капиталының салыну көлемі бойынша көшбасшылардың бірі болып табылады. 2019 жылдан республика 177,8 млрд. АҚШ долл. тікелей шетел инвестицияларын тартты. Соңғы 5 жыл динамикасының көрсеткіші бойынша, осы аралықта жалпы инвестициялық сомадан 100 млрд. АҚШ долл. тартылды. Сонымен, елде дүниежүзілік қаржы дағдырыс жылдарында да инвестициялық климатымыз және макроэкономикалық жағдайымыз тұрақты болып қалып, инвесторлардың сенімін тудырды. ҚР негізгі бәсекелестік басымдылықтарға Қытайдың, Ресейдің, Үндістанның тез өсіп келе жатқан нарықтарына географиялық жақын орналасуын жатқызады. Сонымен қатар, Қазақстан арқылы АТА-ны Еуропамен және Таяу Шығыспен қосатын негізгі трансконтинентальді бағыттар өтеді.

Кеден Одағының шеңберінде интеграциялық үдерістер маңызды рөл атқарады. Кеден Одағы ЖІӨ 2 трлн. АҚШ долл. және 170 млн. жуық халық тұратын бірыңғай тауар нарығын ашады, ол біздің елдердің инвесторлары мен кәсіпкерлеріне жана мүмкіншіліктер туғызады.

Қазіргі кезде, Қазақстанда шетел капиталының қатысуымен 10 мыңға жуық компаниялар жұмыс істеуде, соның ішінде Fortune – 500 тізіміне кіретін (Алкатель-Люсент, Альстом, Арева, Викат, Данон (Франция), ENI/Agip, Bonatti, Saipem, Augusta, Westland, Italcement (Италия), GE (АҚШ) компаниялары бар. Инвесторлардың құқықтарын қорғау мақсатымен мемлекеттің инвесторлармен тікелей диалогты дамыту бойынша көпсатылы жүйе құрылды. Ол өзіне ҚР Президентінің Шетел инвесторлардың кеңесі, инвестициялық климаты жақсарту кеңесі, Премьер-Министрдің орынбасарының жетекшілігінде арнайы жұмыс органы, инвестициялық омбудсменнің принципі бойынша әрекет етуді қосады.

Қазақстан экономика саласында бірнеше стратегиялы бағдарламалық құжаттарды іске асыруда, мысалы индустриалды-инновациялық дамудың жылдамдатылған мемлекеттік бағдарламасы, «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы.

2050 жылға дейін өндірілген энергияның 50% баламалы және жаңартылған энергия көздерімен қамтамасыз етіліп отырады деп болжануда, ЖІӨ-нің қосымша өсуі 3% кем емес болады.

Қазақстанда жағымды инвестициялық климат құрылған. Инвестицияларды тарту бойынша Ұлттық жоспар қабылданған.

